

1-СООЖ. Аймақтық этнографиялық топ сипаттамасы (мысалы: Арунта, Муррин-патта және т.б.)

Мақсаты: Австралияның байырғы халықтарының бірінің мәдени құрылымын, шаруашылығын, діни жүйесін және этникалық бірегейлігін талдау.

Өткізу түрі: Баяндама немесе презентация

Әдістемелік нұсқау:

Студент дәріс материалдарын, ғылыми этнографиялық әдебиеттерді, тарихи деректер мен онлайн ресурстарды пайдалана отырып, таңдалған топтың этнографиялық портретін сипаттайды. Салыстырмалы мәлімет келтіруге рұқсат.

2-СООЖ. Урбанизация және байырғы халықтар: этникалық сәйкестіктің өзгерісі

Мақсаты: Қазіргі қалалық ортада өмір сүретін байырғы халықтардың мәдени трансформацияларын сипаттау.

Өткізу түрі: Презентация

Әдістемелік нұсқау:

Дәріс материалдары мен мысал ретінде австралиялық аборигендер мен маорилердің урбанизацияға бейімделу тәжірибелері талданады. Студент нақты деректер, статистика және визуалды құралдарды қолдануы тиіс.

3-СООЖ. Дәстүрлі шаруашылық жүйелерінің салыстырмалы кестесі: Меланезия – Микронезия – Полинезия

Мақсаты: Мұхиттық аралдардағы халықтардың шаруашылық тәсілдерін салыстыру.

Өткізу түрі: Кесте + Инфографика

Әдістемелік нұсқау:

Әр аймақтағы тұрғындардың басты тіршілік көзі (балық аулау, ауыл шаруашылығы, сауда) анықталып, олардың табиғи ортаға бейімделуі талданады. Инфографика заманауи құралдармен (Canva, PowerPoint, т.б.) жасалуы мүмкін.

4-СООЖ. Тілдік жоғалу және тіл жандандыру: нақты халық мысалында

Мақсаты: Тілдің этникалық сәйкестікпен байланысын зерттеу.

Өткізу түрі: Баяндама немесе презентация

Әдістемелік нұсқау:

Студент бір байырғы тілдің (мысалы: Аранда, Маори) қазіргі жағдайы мен оны қайта жандандыру әрекеттерін сипаттайды. Тіл мектептері, тіл үйрету бағдарламалары мен мемлекеттік саясат қарастырылуы тиіс.

5-СӨӨЖ. Дәстүр мен қазіргілік: байырғы өнер және мәдени белсенділік

Мақсаты: Байырғы халықтардың заманауи өнердегі (кескіндеме, музыка, театр) көріністерін талдау.

Өткізу түрі: Презентация

Әдістемелік нұсқау:

Дәрістер мен этнографиялық әдебиеттерге сүйене отырып, студент белгілі бір шығармашылық мысалды (мысалы, Джордж Тджапалджарри шығармашылығы, маори би өнері) сипаттайды.

6-СӨӨЖ. Терминдер глоссарийі: этнографиялық ұғымдар мен түсініктер (10-15 термин)

Мақсаты: Пән аясында қолданылатын этнографиялық ұғымдарды жүйелеу.

Өткізу түрі: Презентация немесе постер

Әдістемелік нұсқау:

Студент терминдерге қысқаша анықтама беріп, оларды қолдану контекстін мысалмен түсіндіреді (мысалы: дрімтайм, тотемизм, табу, аккумуляция, миграция, клан, рулық жүйе т.б.).